

Кентау қалалық мәслихатының 2009 жылғы 31 наурыздағы № 134 "Бір жолғы талондардың құнын белгілеу туралы" шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қалалық мәслихатының 2011 жылғы 21 қазандағы N 340 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 18 қарашада N 14-3-119 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қалалық мәслихатының 2012 жылғы 4 желтоқсандағы № 68 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қалалық мәслихатының 2012.12.04 № 68 (қолданысқа 2013.01.01 енгізіледі) Шешімімен.

Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Заңының 36-бабының 6-тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына сәйкес Кентау қалалық мәслихаты

Ш Е Ш Т І :

1. «Бір жолғы талондардың құнын белгілеу туралы» Кентау қалалық мәслихатының 2009 жылғы 31 наурыздағы № 134 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 14-3-71 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 23 мамырда «Кентау шұғыласы» газетінің 22 нөмірінде жарияланған) төмендегі өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

аталған шешімнің кіріспесіндегі:

«Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару» деген сөздерден кейін « және өзін-өзі басқару» деген сөздермен толықтырылсын;

1 және 2 тармақтардағы «жеке тұлғаларға» деген сөздер «Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарға» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат сессиясының төрағасы
Қалалық мәслихатының хатшысы

И.Молдалиев
Е.Аширов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК